

Кәсіптік стандарт: «Геодезия және картография»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Геодезия және картография" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кадрларды даярлауға, кәсіпорындарда, ұйымдардың қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) біліктілік – жұмыскердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға даярлық дәрежесі;
- 2) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;
- 3) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;
- 4) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;
- 5) кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде жинақталатын және тиісті білімі туралы құжаттармен расталатын, белгілі бір білімді, шеберлікті және іс жүзіндегі дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- 6) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;
- 7) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;
- 8) салалық біліктілік шеңбері – салада мойындалатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы (бұдан әрі - СБШ).

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 2) БА – басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;
- 3) ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Геодезия және картография

5. Кәсіптік стандарттың коды: M71123009

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

71 Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет

71.1 Сәулет саласындағы қызмет, инженерлік ізденістер және осы салаларда техникалық кеңес беру

71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық кеңес беруді ұсыну

71.12.3 Геодезиялық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: геодезия және картография – Жердің пішінін, өлшемін және сыртқы гравитациялық өрісін анықтау бойынша ғылыми-техникалық және өндірістік қызмет процесінде туындайтын қатынастар саласы, жер бетіндегі нүктелердің координаттары мен биіктіктері және олардың уақыт бойынша өзгеруі, карталар мен жоспарларды жасау, картографиялық жұмыстарды зерттеу, жасау және пайдалану, сондай-ақ жер бетіндегі әртүрлі инженерлік мәселелердің шешімін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Кәсіптік стандарт "геодезия және картография" кәсіптік қызмет саласындағы қызметкерлердің мазмұнына, сапасына, еңбек жағдайларына, біліктілігіне және құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілейді. Стандарт талаптары осы саладағы қызмет түрлеріне және келесі кәсіптерге қатысты: инженер-геодезист, инженер-картограф, инженер-аэрофотогеодезист, геодезист, картограф, аэрофотогеодезист, техник-топограф, техник-геодезист, техник-картограф, техник-аэрофотогеодезист.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Техник-геодезист - 5 СБШ-нің деңгейі
- 2) Техник-картограф - 5 СБШ-нің деңгейі
- 3) Техник-аэрофотогеодезист - 5 СБШ-нің деңгейі
- 4) Техник-топограф - 5 СБШ-нің деңгейі

- 5) Геодезист - 6 СБШ-нің деңгейі
- 6) Инженер-геодезист - 6 СБШ-нің деңгейі
- 7) Картограф - 6 СБШ-нің деңгейі
- 8) Инженер-картограф - 6 СБШ-нің деңгейі
- 9) Аэрофотогеодезист - 6 СБШ-нің деңгейі
- 10) Инженер-аэрофотогеодезист - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. Кәсіптің карточкасы «Техник-геодезист»: | | | |
|---|--|--|-------------|
| Топтың коды: | 3111-5 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3111-5-004 | | |
| Кәсіптің атауы: | Техник-геодезист | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 29 шілдеде № 23760 болып тіркелді) сәйкес орта деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – техник-геодезист. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | - | - | - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | ТЖКБ (орта деңгейдегі маман) | Геодезия және картография | - |
| Формалды емес және информформалы біліммен байланыс: | Геодезия саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-1-001 - Геодезист 2165-1-006 - Инженер-геодезист | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Геодезиялық тапсырмаларды ұйымдастыру, жоспарлау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Геодезиялық және арнайы мақсаттағы желілерді құру бойынша жұмыстарды орындау 2. Фимараттар мен инженерлік құрылыстарды орындау кезіндегі геодезиялық жұмыстар | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Геодезиялық және арнайы мақсаттағы желілерді құру бойынша жұмыстарды орындау | Дағды 1: Геодезиялық және арнайы мақсаттағы желілерді құру бойынша жұмыстарды орындау | Машықтар: | |
| | | 1. Геодезиялық желілердің тірек және жоспарлы-биіктік түсірілімдерін орындау кезіндегі далалық жұмыстар. 2. Далалық өлшеу жұмыстары мен камералдық нәтижелерді өңдеу жұмыстары. 3. Геодезиялық аспаптар мен құрал-жабдықтарды зерртеу, тексеру, туралау. | |

| | | |
|---|--|---|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық өлшеуге арналған аспаптардың орнатылуы, жұмыс жасау принципі және оларды тексеру әдістері. 2. Геодезия және картография, жерге орналастыру, кадастр саласында қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтар, құралдарды, жабдықтар мен материалдарды пайдалану, күтіп ұстау, жылжыту және сақтау принциптері. 3. Геодезиялық аспаптар мен құралдарды тексеру, туралау және оларды тасымалдау мен сақтау әдістемелері. 4. Геодезиялық аспаптар мен құралдарды стандарттау және сертификаттау, метрология негіздері. 5. Өлшеулерді орындау әдістері. 6. Далалық бақылау жұмыстарының цифрлық деректерін жинау, бекіту және жіберу әдістері. 7. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 8. Нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық құжаттар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| | <p>Дағды 2: Геодезиялық желілерді құру нәтижелерін бағалау және талдау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Спутниктік жоғары дәлдікті технологияларды пайдалана отырып, координаттарды өлшеу және анықтау. 2. Геодезиялық өлшеу нәтижелерін өңдеу. 3. Геодезиялық түсірілім және арнайы мақсаттағы желілерді салу кезіндегі геодезиялық өлшемдердің нәтижелерін өңдеу. 4. Материалдарды жүйелеу және сақтау кезіндегі жұмыс тәртібін сақтау. 5. Геодезиялық құжаттардың нормативтік және техникалық талаптарын сақтау, өлшеу және бақылаудың геодезиялық құралдарын есепке алу. 6. Өлшеу және бақылау жұмыстарында тиімді әдістерді қолдану, далалық және камералдық геодезиялық жұмыстарды жоспарлау, орындау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық жұмыстарды жүргізу технологиясы (өлшеу әдістері, есептеулер, карталарды, жоспарларды құру). 2. Геодезиялық өлшеу қателіктерінің көзін анықтау және оларды есепке алу. 3. Компьютердің негізгі бағдарламаларын білу. 4. Қазіргі геодезиялық аспаптарды және оларды техникалық пайдалану ережелерін білу (тахеометр, GPS) (аумақтық және сызықтық бөлу жұмыстары). 5. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 2: Фимараттар мен инженерлік құрылыстарды орындау кезіндегі геодезиялық жұмыстар | | |

| | | | |
|--|--|---|-------------|
| | Дағды 1: Инженерлік ізденіс жұмыстары | Машықтар: | |
| | | 1. Инженерлік ізденіс жұмыстарынан және өзге де ашық картографиялық сервистерден аумақтың топографиялық жоспарын іздестіру. 2. Тиісті міндеттерді орындау үшін зерттелетін аумақтың инженерлік ізденістерді орындау дәрежесін және осы материалдарды пайдалану мүмкіндігін анықтау (олардың мерзімін ескере отырып). 3. Инженерлік-геодезиялық ізденістер кезінде геодезиялық жұмыстарды орындау. | |
| | | Білімдер: | |
| | | 1. Геодезиялық жұмыстарды (өлшеу, есептеу) жүргізудің технологиясы және әдістемелері. 2. Инженерлік ізденіс жұмыстарының нәтижелерін өңдеу үшін мамандандырылған бағдарлама. 3. Геодезиялық өлшеуге арналған аспаптардың орнатылуы, жұмыс жасау принципі және оларды тексеру әдістері. 4. Топографо-геодезиялық жұмыстарды жүргізу саласындағы нормативтік-техникалық және басшылық құжаттары. 5. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Бейімділік Ұқыптылық Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Логикалық ойлау | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | Геодезиялық және картографиялық қызметтегі стандарттар және өзге де нормативтік-техникалық әдістемелер. | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 6 | Геодезист | |
| 10. Кәсіптің карточкасы «Техник-картограф»: | | | |
| Топтың коды: | 3111-5 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3111-5-005 | | |
| Кәсіптің атауы: | Техник-картограф | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 29 шілдеде № 23760 болып тіркелді) сәйкес орта деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – техник-картограф. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | - | - | - |
| | Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық: Геодезия және картография | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информформалы біліммен байланыс: | Геодезия саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |

| | | |
|--|---|---|
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-2-005 - Инженер-картограф 2165-2-007 - Картограф | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Картографиялық тапсырмаларды әзірлеу, құру, зерттеу және шешу. | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Картографиялық өнімдерді құру және жаңарту 2. Карталардың жобаларын жасау және бекіту. 3. Геодезиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, цифрлық түрдегі топографиялық карталардың түпнұсқасын дайындау |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1: Картографиялық өнімдерді құру және жаңарту | Дағды 1: Картографиялық өнімдерді құру және жаңарту | Машықтар: |
| | | 1. Тапсырмаларды нақтылау, карталарды құру және қор материалдарын оқу кезінде нәтижелерді бағалау. 2. Қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттыруға ынталандыру. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Картографиялық теория, әртүрлі жіктеуіштер, салалық стандарттар мен ережелер, картографиялық дизайн негіздері. 2. Терминология, цифрлық топографиялық карталардағы қолтаңбаларға арналған шартты қысқарту тізімі. 3. Таралуы шектеулі құжаттарды, істер мен басылымдарды есепке алу, пайдалану жәнесақтау қағидалары. 4. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 5. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 6. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 2: Карталардың жобаларын жасау және бекіту. | Дағды 1: Карталарды құрастыру кезінде материалдарды жинақтау және талдау | Машықтар: |
| | | 1. Тапсырмаларды нақтылау, карта жобаларын жасау кезінде нәтижені бағалау. 2. Карта жобаларын келісу кезінде нәтижені бағалау дағдысы. 3. Арнайы ГАЖ және АЖЖ бағдарламалық өнімдерде жұмыс істеу. 4. Дерекқорға ағындық деректерді толтырыңыз және өңдеңіз. 5. Координаталық анықтамалық жүйелер мен проекциялардың параметрлерін анықтау және ГАЖ бағдарламалары арқылы қайта есептеулерді орындау. 6. Цифрлық карталарды әртүрлі ГАЖ форматтарына түрлендіру. 7. Аэроғарыштық суреттерді координаттық анықтамалық жүйемен байланыстыру және соңғы картаның (жобаның) проекциясы. |

| | | |
|---|---|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 2. Картографиялық бұйымдарды өндірудің технологиялық процесі. 3. Геодезия және картография, жерге орналастыру, кадастр саласында қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтар, құралдарды, жабдықтар мен материалдарды пайдалану, күтіп ұстау, жылжыту және сақтау принциптері. 4. Бірлескен және өзге де жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидалары. 5. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 6. Карталардың математикалық негізінің элементтері, картографиялық проекциялар, олардың қасиеттері және бұрмалануларының таралуы. 7. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 8. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 3: Геодезиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, цифрлық түрдегі топографиялық карталардың түпнұсқасын дайындау | Дағды 1: Топографиялық карталарды құрастыру кезіндегі талдау және құрастыру | Машықтар: |
| | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Түпнұсқа топографиялық карталарды цифрлық түрде дайындауда талдау және шешім қабылдау дағдылары. 2. Геодезиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, топографиялық карталарды құру кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 3. Сканерлеу, растрлық кескіндерді түрлендіру дағдылары. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 2. Картографиялық бұйымдарды өндірудің технологиялық процесі. 3. Түпнұсқа топографиялық карталарды цифрлық түрде дайындау үшін жүйелік талдау әдістемесі. 4. Картаның растрлық бейнелерін тіркеу, түрлендіру кезіндегі қолданылатын сканерлеу және жүйелік талдау әдістері. 5. Цифрлық топографиялық картадағы қолтаңбалардың шартты аббревиатураларының тізімі. 6. Картографиялық өнімдерді өндіруде міндеттерді қою және шешу кезінде шешім қабылдау әдістері. 7. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 8. Басқа жұмыстармен бірлесе орындалған мемлекеттік құпия мәліметтері бар жұмыстарды жіберу әдістемесі. 9. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 10. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Бейімділік Дербестік және жауапкершілік Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Командада жұмыс істей білу | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | Геодезиялық және картографиялық қызметтегі стандарттар және өзге де нормативтік-техникалық әдістемелер. | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 6 | Картограф |

11. Кәсіптің карточкасы «Техник-аэрофотогеодезист»:

| | | | |
|---|--|---|-------------|
| Топтың коды: | 3111-3 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3111-3-009 | | |
| Кәсіптің атауы: | Техник-аэрофотогеодезист | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | «Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2021 жылғы 28 шілдедегі №268/НҚ бұйрығына сәйкес орта деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – техник-аэрофотогеодезист. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | - | - | - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | ТЖКБ (орта деңгейдегі маман) | Геодезия және картография | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | Геодезия саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-2-001 - Аэрофотогеодезист 2165-2-004 - Инженер-аэрофотогеодезист | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Аэротүсірілім жұмыстарын орындау және практикалық міндеттер. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Геодезиялық және фотограмметриялық жұмыстарды ұйымдастыру және әзірлеу іс-шаралары 2. Кеңістіктік деректерді алу үшін, аэроғарыштық және жердегі түсірілім материалдарын фотограмметриялық өңдеу 3. Кеңістіктік фототриангуляция желісін құру процесіне қатысу | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Өртүрлі әдістерді қолдану арқылы топографиялық түсіру жұмыстарын жүргізу | |
| Еңбек функциясы 1: Геодезиялық және фотограмметриялық жұмыстарды ұйымдастыру және әзірлеу іс-шаралары | Дағды 1: Геодезиялық және фотограмметриялық жұмыстарды жоспарлауға қатысу | Машықтар: | |
| | | 1. Геодезиялық және фотограмметриялық өлшеулерді орындау үшін бағдарламаларды әзірлеу. 2. Мемлекеттік геодезиялық желі пунктерін далалық және камералды барлау жүргізу. 3. Геодезиялық аспаптарды және фотограмметриялық жүйелерді таңдау. 4. Геодезиялық желіде жаңа пунктерді салу жұмыстары. 5. Геодезиялық түсірілім желісінің жаңа пунктерінің схемасын жоспарлау. 6. Орындалған жұмыстар нәтижесі бойынша есеп дайындау. | |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындауда нормативтік-техникалық және басшылық әдістемесі. 2. Геодезиялық өлшемдер үшін аспаптарды тексеру, орналастыру тәсілдері. 3. Есептік құжаттарды дайындау үшін фотограмметриялық жүйелердегі цифрлық және қашықтықтан барлау материалдарын алу. 4. Цифрлық әдіспен аэрофотогеодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау тәртібі. 5. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| | <p>Дағды 2: Геодезиялық желілерді құру нәтижелерін бағалау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық өлшеу нәтижелерін өңдеу. 2. Геодезиялық және арнайы мақсаттағы желілерді құру бойынша геодезиялық түсірілім материалдарын өңдеу нәтижелерін бағалау. 3. Режимдік құжаттарды жүйелеу, сақтау және жұмыс жасау тәртібін сақтау. 4. Геодезиялық қамтамасыздықты орындау үшін, геодезиялық құралдарды есепке алу және бақылауда нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын сақтау. 5. Далалық және камералдық геодезиялық жұмыстарды орындауды жоспарлау және орындау, өлшеу әдістерінің оңтайлы шешімдерін қолдану. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық өлшеу нәтижелерін өңдеу технологиялары (есептеу әдістері, карталарды құру, жоспарлау). 2. Геодезиялық өлшеу қателіктерінің көздерін анықтау және оларды есепке алу. 3. Негізгі компьютерлік бағдарламалар. 4. Заманауи геодезиялық аспаптар және олардың техникалық пайдалану әдістемесі (тахеометр, GPS). 5. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 2: Кеңістіктік деректерді алу үшін, аэроғарыштық және жердегі түсірілім материалдарын фотограмметриялық өңдеу | <p>Дағды 1: Жер үсті барлау және аэроғарыштық түсірілімдердің негізінде ақпараттарды алу</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қашықтықтан зондтау материалдары бар цифрлық фотограмметриялық жүйелерде жұмыс жасау. 2. Кескіндерді өңдеуге арналған жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламалық құралдармен жұмыс жасау. 3. Суреттер мен картографиялық ақпаратты фотограмметриялық өңдеу мен түсіндірудің арнайы құралдары мен әдістерін қолдану. 4. Фотограмметриялық және қашықтықтан зондтау салаларында арнайы бағдарламалық жабдықтармен жұмыс жасау. |

| | | |
|--|---|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезия және картография, жерге орналастыру, кадастр саласында қолданылатын негізгі құралдар мен жабдықтар, құралдарды, жабдықтар мен материалдарды пайдалану, күтіп ұстау, жылжыту және сақтау принциптері. 2. Фотограмметриялық және тақырыптық кескінді өңдеу бағдарламық құралдары. 3. Режимді құжаттармен жұмыс жасау, оларды сақтау және есепке алу. 4. Әр түрлі мақсаттағы карта мен план құрастыру технологиясы және фотограмметриялық түсірілім материалдарының үш өлшемді түрі. 5. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 6. Ғарыштық бейнелеу жүйелерінің, аэрофототүсірілімдердің және жерүсті фотограмметриялық аппаратуралар мен жүйелердің техникалық сипаттамалары мен мүмкіндіктері. 7. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 3: Кеңістіктік фототриангуляция желісін құру процесіне қатысу | Дағды 1: Кеңістік фототриангуляция желісін құру | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кеңістіктік фототриангуляциялық желілерді құру процесінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 2. Фотограмметрия және қашықтықтан зондтау саласындағы мамандандырылған бағдарламалық-аппараттық жүйелерде жұмыс істеу дағдысы. 3. Кескіндерді өңдеу үшін жалпы және арнайы қолданыстағы бағдарламалар. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Фотограмметриялық тірек пунктерінің схемасы салу. 2. Суреттерді фотограмметриялық және тақырыптық өңдеуге арналған бағдарламық құралдар. 2. Таралымы шектеулі басылымдарды сақтау, шығару тәртібі. 4. Аэротүсірімдерді орындау рұқсатын алу, тіркеу. 5. Кескіндер бойынша жергілікті жерде координаттарды және тірек нүктелерін өлшеу. 6. Негізгі компьютерлік бағдарламалар. 7. Заманауи геодезиялық аспаптар және оларды техникалық пайдалану ережелерін білу (тахеометр, GPS). 8. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Қосымша еңбек функциясы 1: Өртүрлі әдістерді қолдану арқылы топографиялық түсіру жұмыстарын жүргізу | Дағды 1: Топографиялық-геодезиялық жұмыстарға арналған тапсырмаларды орындау | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топографиялық түсірістерді орындау әдістемелері. 2. Өндірістік құжаттаманы құрастыру және есептеу. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топографиялық- геодезиялық өндіріс жұмыстары. 2. Аспаптар және оларды қолдану. 3. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 4. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 5. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |

| | | | |
|---|---|---|--|
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Бейімділік Ұқыптылық Дербестік және жауапкершілік Командада жұмыс істей білу | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | Геодезиялық және картографиялық қызметтегі стандарттар және өзге де нормативтік-техникалық әдістемелер. | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 6 | Аэрофотогеодезист | |
| 12. Кәсіптің карточкасы «Техник-топограф»: | | | |
| Топтың коды: | 2165-1 | | |
| Қызмет атауының коды: | 2165-1-012 | | |
| Кәсіптің атауы: | Техник-топограф | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 29 шілдеде № 23760 болып тіркелді) сәйкес орта деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – техник-топограф. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | - | - | - |
| | Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық: Геодезия және картография | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | Топография саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-1-001 - Геодезист 3111-5-004 - Техник-геодезист 2165-1-006 - Инженер-геодезист | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Топографиялық тапсырмаларды жоспарлау, шешу және орындау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Картографиялық қамтамасыздық үшіндалалық топографо-геодезиялық жұмыстардың өндірісі. 2. Жоспарланған жұмыс көлемдеріне заманауи компьютерлік техниканы қолдану арқылы техникалық-экономикалық есептеулер 3. Жоспарлау және есеп беру құжаттамасын дайындау бойынша техникалық жұмыстар, материалдарды графикалық безендіру | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: Картографиялық қамтамасыздық үшіндалалық топографо-геодезиялық жұмыстардың өндірісі. | Дағды 1: Топографиялық түсіру кезінде алынған ақпаратты талдау және бағалау | Машықтар: | |
| | | | 1. Топографиялық түсіру кезінде тапсырмаларды нақтылау, нәтижелерді бағалау. 2. Алынған ақпаратты бақылау кезінде нәтижелерді бағалау дағдылары. 3. Әзірленген жобалардың техникалық тапсырмаларға сәйкестігін қамтамасыз ету. |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 2. Цифрлық әдіспен аэрофотогеодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау тәртібі. 3. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау тәсілдері, принциптері және әдістері. 4. Өлшеулерді орындау әдістері. 5. Цифрлық әдіспен аэрофотогеодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау тәртібі. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 2: Жоспарланған жұмыс көлемдеріне заманауи компьютерлік техниканы қолдану арқылы техникалық-экономикалық есептеулер | Дағды 1: Техникалық – экономикалық есептеулерді талдау | Машықтар: |
| | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Жоспарланған жұмыс көлемдерін есептеу кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 2. Қазіргі компьютерлік техниканы пайдалана отырып, техникалық-экономикалық есептеулердің нәтижелерін талдау дағдылары. 3. Орындалған жұмыстың нәтижесін бағалау. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 2. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 3. Цифрлық әдіспен аэрофотогеодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау тәртібі. 4. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу кезінде өлшеу құралдарының жедел есебін жүргізу қағидаттары мен тәсілдері. 5. Жоспарланған жұмыс көлемдерінің техникалық-экономикалық есептеулерін жүргізу кезіндегі жүйелік талдау әдістемелері. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады | |
| Еңбек функциясы 3: Жоспарлау және есеп беру құжаттамасын дайындау бойынша техникалық жұмыстар, материалдарды графикалық безендіру | Дағды 1: Есептік құжаттаманы дайындау кезінде талдау және шешім қабылдау | Машықтар: |
| | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Жоспарлау және есеп беру құжаттамасын дайындау кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 2. Материалдарды графикалық безендіру нәтижелерін талдау. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 2. Цифрлық әдіспен аэрофотогеодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау тәртібі. 3. Топографиялық-геодезиялық жұмыстар өндірісіндегі материалдардың графикалық безендірілуін жүйелік талдаудың әдістемесі. 4. Өлшеулерді орындау әдістері. 5. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Дербестік және жауапкершілік Стратегиялық ойлау Командада жұмыс істей білу | |

| | | | |
|--|--|--|------------------|
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | Геодезиялық және картографиялық қызметтегі стандарттар және өзге де нормативтік-техникалық әдістемелер. | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 5 | Техник-геодезист | |
| | 6 | Геодезист | |
| 13. Кәсіптің карточкасы «Геодезист»: | | | |
| Топтың коды: | 2165-1 | | |
| Қызмет атауының коды: | 2165-1-001 | | |
| Кәсіптің атауы: | Геодезист | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 6 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 29 шілдеде № 23760 болып тіркелді) сәйкес жоғары деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – геодезист. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура) | Мамандық: Сәулет және құрылыс | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | Геодезия саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-1-006 - Инженер-геодезист 3111-5-004 - Техник-геодезист | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Геодезиялық тапсырмаларды зерттеу және орындау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Далалық жұмыстарды жоспарлау, даярлау және орындау 2. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жобалау мақсатында жинақталған құжаттаманы жүйелеу және бағалау | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Геодезиялық конденсациялық тораптарды дамыту бойынша жұмыстарды жүргізу және дәлдікпен бағалаумен теңестіру жұмыстарын орындау | |
| Еңбек функциясы 1: Далалық жұмыстарды жоспарлау, даярлау және орындау | Дағды 1: Жоспарларған көлемдерді талдау және есептеу дағдылары | Машықтар: | |
| | | 1. Территориядағы материалдарды зерделеуге жағдай жасау, дала жұмыстарының көлемін жоспарлау кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 2. Геодезиялық аспаптар мен құралдарды тексеру және реттеу кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 3. Дұрыс жұмыс істеуді және сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. | |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Территорияда жұмыстарды орындау кезінде жүйені талдау және жобалау әдістемесі. 2. Геодезиялық аспаптарды тексеру және реттеу үшін жүйелік талдау және жобалау әдістемесі. 3. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды өндіру. 4. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды өндіруге арналған нормативтік-әдістемелік құжаттарға қойылатын талаптар. 5. Өлшеулерді орындау әдістері. 6. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 7. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 8. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады |
| Еңбек функциясы 2: Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жобалау мақсатында жинақталған құжаттаманы жүйелеу және бағалау | Дағды 1: Құжаттаманы бағалау дағдылары, белсенділікті бағалау | Машықтар: |
| | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жобалау мақсатында құжаттаманы жүйелеу және жинау үшін талдау және жағдай жасау дағдылары. 2. Іс-әрекетті бақылау және түзету. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Заманауи компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, далалық геодезиялық өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу алгоритмдері. 2. Шектеулі таратылатын құжаттармен жұмыс істеу кезінде басқару шешімдерін қабылдау әдістері. 3. Бірлескен және өзге де жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидалары. 4. Картографиялық және карталық баспа жұмыстарына басшылық. 5. Нормативтік және нормативтік-техникалық актілер және құжаттар. 6. Бағдарламалық қамтылым, компьютерлік техника құралдары және жұмысын автоматтандыру құралдары. 7. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 8. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады | |
| Қосымша еңбек функциясы 1: Геодезиялық конденсациялық тораптарды дамыту бойынша жұмыстарды жүргізу және дәлдікпен бағалаумен теңестіру жұмыстарын орындау | Дағды 1: Геодезиялық торды салу бойынша жұмыстар | Машықтар: |
| | | <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық конденсациялық тораптарды дамыту үшін өндірісте талдау және шешім қабылдау. 2. Геодезиялық аспаптар мен құралдарды тексеру және реттеу кезінде талдау және шешім қабылдау дағдылары. 3. Мемлекеттік геодезиялық желілерді құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды орындау бағдарламаларын әзірлеу. |
| | | <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Геодезиялық тор салу жұмыстар кешені. 2. Бөлу жұмыстар кешені. 3. Геодезиялық желілерді құру саласында нормативтік-техникалық және басшылық құжаттар. 4. Режимдік құжаттармен жұмыс жасау тәртібі, материалдарды сақтау және есепке алу. 5. "Геодезия, картография және кеңістік деректері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. 6. Ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібі. 7. Өндірістік санитария және өрт қауәпсіздігі тәртібі. |
| Дағдыны тану мүмкіндігі: | ұсынылады | |

| | | | |
|--|--|--|---------------|
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Жауапкершілік Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау Тез шешім қабылдай білу | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | Геодезиялық және картографиялық қызметтегі стандарттар және өзге де нормативтік-техникалық әдістемелер. | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 5 | Техник-геодезист | |
| 14. Кәсіптің карточкасы «Инженер-геодезист»: | | | |
| Топтың коды: | 2165-1 | | |
| Қызмет атауының коды: | 2165-1-006 | | |
| Кәсіптің атауы: | Инженер-геодезист | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 6 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Геодезия және картография саласындағы ұйымдардың басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 268/НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 29 шілдеде № 23760 болып тіркелді) сәйкес жоғары деңгейдегі мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары санат, II-I санат, санатсыз. Кәсіптің атауы – инженер-геодезист. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: | Мамандық: | Біліктілік: |
| | - | - | - |
| | Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура) | Мамандық: Сәулет және құрылыс | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | Геодезия саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары. | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 2165-1-001 - Геодезист 3111-5-004 - Техник-геодезист | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Геодезиялық тапсырмаларды жоспарлау, талдау және орындау. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
